



Құсаинов Асқарбек Қабыкенұлы Қазақстанның педагогикалық ғылым академиясының президенті, Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясы академигі, белгілі ғалым-компаративист

2002-2004 жылдар аралығында кафедра магистранттарына «Салыстырмалы педагогика», «ҚР білім беру саясаты», «Білім беру сапасын басқару мен бағалау» т.б. арнайы курстары бойынша дәрістер оқиды. Білім сапасын арттыру мақсатында Түркістан облысында 2018-2019 және 2019-2020 оқу жылдарында «Орта білім беру сапасын ғылыми негізде көтеру» тақырыбында көлемді эксперимент жүргізді. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» төсбелгісімен», 2019 жылы «Парасат» орденімен марапатталған.



Таубаева Шәркүл Таубайқызы – педагог-методолог, Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының, Педагогикалық білім беру ғылымдары халықаралық академиясының академигі.

2011-2012 оқу жылынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры қызметін атқаруда. Жас ғалымдар мектебін басқарады, әдіснамалық семинарларға, республикалық және халықаралық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатысады, ашық сабақтар өткізеді.

Ш. Таубаева педагогикалық ғылымтану саласының маманы ретінде озат педагогикалық тәжірибені жинақтау, педагогика әдіснамасы, педагогикалық инноватика, жоғары және орта мектеп дидактикасы туралы 500-ден жуық еңбектердің, оның ішінде «Методология и методы педагогического исследования» оқулығы, «Педагогика тарихы (Білім беру және педагогикалық ойлар тарихы)» және «Әлеуметтік педагогика» оқулықтарында қосалқы ав-150 Әлем таныған білім ордасы тор, «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» оқулығы, бастауыш сыныпқа арналған «Ана тілі» оқулығы хрестоматиялары, жоғары сыныптардағы тарих пәнінен әдістемелік құралдардың авторы. Ш. Таубаеваның ғылыми мектебінде 8 докторлық және 14 кандидаттық диссертация, 8 PhD философия докторы диссертациялар қорғалды. Ол «Қазақ КСР оқу ісі үздігі» төсбелгісі; «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, «2017 -жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» және «Құрмет» орденімен марапатталды.



Мұқашева Анар Бекетбайқызы педагогика ғылымдарының докторы

А.Б. Мұқашева «Инклюзивті білім беру жағдайындағы заманауи технологиялар» және «Инклюзивті білім беруді медициналық-педагогикалық сүйемелдеу» (С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-мен бірлесіп) магистратураға арналған білім беру бағдарламаларының координаторы. Оның 115-тен астам жарияланымы бар, оның ішінде Thomson Reuters, Scopus басылымдары, сонымен қатар оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, монографиялар. Ол магистратураға арналған «Жоғары білім беру педагогикасы» пәні бойынша онлайн курстың (MOOK) әзірлеушісі.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде сіңірген еңбегі үшін «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға – 80 жыл» медалімен марапатталды. 2019 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы еңбегіне орай «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 2024 жылы отандық білім мен ғылымның өркендеуіне қосқан ерекше үлесі үшін университет ректоры «Құрмет грамотасымен» марапаттады.



Булатбаева Айгүл Әбдімажитқызы педагогика ғылымдарының докторы. Айгүл Әбдімажитқызы «ҚазҰУ хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы журналының бас редакторының орынбасары, философия және саясаттану факультет жанындағы «Әлеуметтік ғылымдар және білім» мамандықтары тобындағы диссертациялық кеңестің мүшесі. Ол «Педагогика және психология», (бакалавриат) мамандығы бойынша ҚР МЖББС, «ҒЗЖ жоспарлау мен ұйымдастыру» типтік оқу бағдарламасын құруға қатынасты. «540350 – Педагогика» (авторлық бірлестікте), «06N0306 – Педагогика және психология», «Білім берудегі менеджмент» мамандықтары бойынша оқу жұмыс жоспарларын құрастыруға атсалысты. А.Ә. Булатбаева кафедраның «Теоретико-методологические основы подготовки менеджеров образования в условиях классического университета» тақырыбындағы жобаға қатынасты (жетекшісі п.ғ.д. Исаева З.А.).

2015 жылы университеттің дамуына қосқан үлесі үшін «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға – 80 жыл» медалімен, 2021 жылы Қазақстан Республика-136 Әлем таныған білім ордасы сының Президентінің жарлығымен «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен, ал 2024 жылы университет ректорының «Құрмет грамотасымен» марапатталды.



Мағауова Ақмарал Сәбитоллақызы – Педагогика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының профессоры, Педагогикалық білім беру ғылымдарының халықаралық академиясының академигі, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымы академиясының академигі. Ақмарал Сәбитоллақызы 320-дан астам ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде Германияда басылған және үздік әлемдік кітаптардың халықаралық тізбесіне енген «Мұғалімді кәсіби даярлау жүйесіндегі этнопедагогика» оқулығы, сондай-ақ «Балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыруға мұғалімнің даярлығы», «Жоғары кәсіби мектеп педагогикасы», «Жоғары оқу орнындағы студенттер тәрбиесінің тұжырымдамасы» және т.б. монографияларын ерекше атауға болады. Ол «Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру саласындағы ұлттық стратегия ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын (ПБД) қалыптастыру» ғылыми жобасының жетекшісі. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан әйелдерінің жетістігін қоғамдық тануда «Ажар» ұлттық сыйлығының лауреаты, «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2023» ҚР ХӘҰ грантының иегері.



Әрінова Бақыт Айтуқызы – педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты. 2013-2014 оқу жылынан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында қызмет атқарады. Ғылыми зерттеу бағыты: жалпы педагогика, гуманитарлық-әлеуметтік пәндерді оқыту әдістемесі, білім беру мазмұны, жалпы орта мектептердегі тіл мен әдебиет пәндерін оқыту теориясы мен әдістемесі.

Ғалымның жалпы орта және жоғары білім беру мәселелері, гуманитарлық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі бойынша 430-астам астам ғылыми еңбектері жарияланған. Б.А. Әрінова 2016-2018 жылдары университет құрамындағы Т.Т. Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметін атқарды. ҚазҰУ «Педагогикалық ғылымдар» сериясы «Хабаршы-Вестник» журналының редакторларының бірі. Б.А. Әрінова «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісін (1996), «Жаңашыл-педагог» атағын алған. (2006). Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» атты медаль иегері (2016).



Қоңырбаева Сараш Сахиқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент). 2003-2005 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясындағы Тұлғаны әлеуметтендіру институтында аға ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі болып педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты. Ол 300-ге жуық ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде 30-астам жеке және авторлық бірлестікте монографиялары, студенттер мен магистранттарға арналған оқулықтары, мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілерге, ата-аналарға арналған әдістемелік құралдар мен бағдарламалары жарық көрген. «ЖОО Үздік оқытушысы – 2015» грантының жеңімпазы. Философия және саясаттану факультеті 165 Түркиядан шығатын Халықаралық «Journal of institute of economic development and social researches» (IKSAD journal) журналының редакторы. 2020-2021 оқу жылынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының қауымдастырылған профессоры. Халықаралық Педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі (2014), Қазақ педагогикалық ғылымдар академиясының академигі (2019).



Молдасан Қуаныш Шорманқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. Ғылымының аға оқытушысы болып бастады. ҚР Білім беру ісінің «Құрметті қызметкері», «Ы. Алтынсарин» атындағы медальдың иегері, бірнеше рет ҚР Білім және ғылым министрлігінің мақтау 160 Әлем таныған білім ордасы қағазымен марапатталды. Сонымен қатар, «Білім берудегі менеджмент», «Педагогикалық коучинг», «Педагогика» атты оқу құралдарымен қатар «Баласағұнның педагогикалық мұрасындағы ізгілікті басқарудың негіздері», монография т.б. ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы және шетелдік скопус журналында да бірнеше ғылыми

мақалалары жарияланды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жобасы бойынша жүзеге асқан «Әлемдік педагогикалық ой-сана» антологияда «II том. Шығыс әлемі» (Орта ғасыр) құрастырушы автор. ҚазҰУ-дағы «Педагогика және психология» бағыты бойынша «Хабаршы» журналында рецензент.



Бақтыбаев Жанат Шаймұратұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының доценті, Халықаралық педагогикалық ғылымдарының академиясының корреспондент-мүшесі (Мәскеу қ.). Кафедрада «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламаларының магистратура мен докторантура бойынша координаторы.

Ж.Ш. Бақтыбаевтың ғылыми қызметі ғылыми тақырыптарды әзірлеуге қатысудан көрінісін алады, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 108 ғылыми жарияланым және 4 авторлық куәлігі бар. 2 терминологиялық сөздік-анықтамалықтың, 3 оқу-әдістемелік құралдың, Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы РОӘЖ-мен ұсынылған 6 оқу құралының, 2 монографияның авторы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хатына ие болған.



Нұрғалиева Долорес Абилдақызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы. Ғылыми қызығушылығы – педагогика, этнопедагогика, түркі халықтарының салыстырмалы этнопедагогикасы. 80-нен астам ғылыми жарияланымның, 1 монография мен 5 оқу құралының авторы. Скопус (Scopus) базасында 5 мақаласы бар, гранттық ғылыми жобаларға қатысқан. 168 Әлем таныған білім ордасы Орталық ұлттар университетінде (Қытай, Бейжін), Ньюкасл университетінде (Англия. Ньюкасл қаласы), педагогтың біліктілігін арттыру халықаралық институтында (Мәскеу қаласы) ғылыми тағылымдамадан өтті.



Дүйсенбаев Абай Қабакбайұлы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Ғылыми қызығушылығы – педагогика, этнопедагогика, түркі халықтарының этнопедагогикасы, алаштану, фарабитану. Оның «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», «Педагогика» оқулықтары және «Ерлік дәстүрлері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық негіздері», «Педагогикалық менеджмент негіздері», «Этнопедагогика», «Қазіргі менеджменттегі корпоративтік мәдениет», «Психология», «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» оқу құралдары жарық көрген. Сонымен қатар, «Дәстүрлі түркілік тәрбие тағылымдары», «Түркі халықтарының этнопедагогикасы», «Этномәдени тәрбие беру: дәстүр мен сабақтастық» монографиялары қолданыста. 400 ғылыми жарияланымның, 3 монографияның, 2 оқулық, 14 оқу құралының авторы. Гранттық ғылыми жобалардың қатысушысы.



Есенова Камчат Ауғажықызы – PhD доктор. 2009-2012 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу бөлімінде қызметкер болып, 2012-2013 жылдар аралығында аталған университеттің жоғары білімнен кейінгі институтында магистратура бөлімінің жетекші қызметін атқарған. 2012 жылдан педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында оқытушы қызметін атқарады. Халықаралық, Республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатынасып, ғылыми мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрген, 1 оқу құралы, 1 әдістемелік құрал авторы.

Сонымен қатар Есенова К.А. 2019 оқу Философия және саясаттану факультеті 153 жылынан бастап кафедра меңгерушісінің оқу және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2022-2023 оқу жылында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің Бейіндік мектеп директоры қызметін атқарды.



Құдайбергенова Әлия Мәлікқызы – Педагогика ғылымдарының кандидаты. Әлия Мәлікқызы 40-тан астам ғылыми мақалалары жарияланып, «Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы, «Білім беру аймағындағы конфликтология» оқу құралы, «Жоғары мектеп педагогикасы» оқу құралы «Қазақ университеті» баспасынан шықты. «Жоғары мектеп педагогикасы» курсы бойынша ЖАОК; 3 авторлық куәлік авторы. Ғылыми қызығушылықтары: студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, жоғары мектеп педагогикасы, педагогикалық-психологиялық конфликтология негіздері, білім берудегі тренингтер. «ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясының» жауапты редакторы.



Альчимбаева Айгүл Бақытжанқызы – кафедраның аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты. 2009 жылы Республикалық «Шығармашыл педагог» грантының иегері, 2019 жылы Алматы қалалық Білім Философия және саясаттану факультеті 167 департаментінің құрмет грамотасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хаты, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Білім саласының үздігі медалі, 2024 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Басқарма Төрағасы – Ректоры Ж.Қ. Түймебаевтың Алғыс хаты табысталған. Бүгінде Альчимбаева Айгүл Бақытжанқызының ғылыми іздену бағыттары бойынша 60-қа жуық ғылыми мақалалары жарық көрді.



Текесбаева Анар Молдақынқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. қызмет атқарды. 2021 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында доцент қызметін атқарып келеді. Бүгінгі таңда Текесбаева Анар Молдақынқызы 100 астам ғылыми еңбектің авторы. Оның ішінде бірнеше оқу құралдары, оқу-әдістемелік кешендер, хрестоматия, монография, шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген.



Байдалиев Дархан Дәулетжанұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы аға оқытушысы. 2023 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы.



Жұмабекова Қырмызы Бақытқалиқызы -PhD доктор.

Бүгінде факультеттің әдістемелік бюро төрайымы қызметін атқаруда. Бакалавриат және магистратура бөлімдерінде оқытылатын пәндердің бірлестіктегі авторы. «Педагогикалық шеберлік», «Педагогикалық менеджмент», «Педагогикалық-психологиялық басқару негіздері», «Театралдық педагогика және артистизм», «Дін және білім беру» т.б. пәндерін жүргізеді. денісін жалғастыруда. Бүгінде Жұмабекова Қырмызының ғылыми іздену бағыттары бойынша 50-ден аса мақаласы және авторлық бірлестікте жоғары мектеп студенттеріне арналған оқу құралдары және оқу әдістемелік құралдары жарық көрді.



Мырзағұлова Мейрамкүл Дәуренбекқызы кафедраның аға оқытушысы,

2004 жылы кафедраға оқытушы қызметіне орналасты. 2012 жылдан 2017 жыл аралығында философия және саясаттану факультетінің әдіскер маманы ретінде қатар қызмет атқарды. 25-тен аса ғылыми еңбектердің соның ішінде, 2 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құралдың (авторлық бірлестікте) авторы. Сонымен қатар авторлық бірлестіктегі «Педагогикалық анимация» оқу құралы бойынша авторлық куәлікке ие болды (2020). Ол бакалавр бөлімінде «Педагогика», «Оқушылардың рухани адамгершілік тәрбиесі», «Көпмәдениетті тәрбие педагогикасы», «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», «Критериалды бағалау технологиясы» және т.б. пәндер бойынша дәріс, семинар сабақтарын жүргізеді.



Масимбаева Айым Аликенқызы кафедраның аға оқытушысы,

1996-2013 жылдар аралығында Шығыстану факультетінің арабтану кафедрасында маман, бас маман ретінде қызмет атқарды. 2013-2016 жылдар аралығында ҚазҰУ-дың Жоғары оқу орындарына дейінгі дайындық факультетінде оқытушы міндетін атқарды.

2016-2019 жылдарда Философия және саясаттану факультетінің әдіскер маманы ретінде, 2017 жылдан педагогика және білім беру кафедрасында оқытушылық қызметті, ал 2019-2020 оқу жылынан бастап кафедраның аға оқытушысы қызметін атқарып келеді. Қазіргі кезде А.А. Масимбаева бакалавр бөлімінде «Педагогика», «Білім берудегі педагогикалық технологиялар», «Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиялары», «Білім берудегі кеңес беру», «Педагогиканы оқыту әдістемесі» және т.б. пәндер бойынша дәріс,

семинар сабақтарын жүргізеді. 1-оқу-әдістемелік құрал (бірлестікте), жалпы 30-дан аса ғылыми еңбектердің авторы.



Рамазанова Самал Әмірғалиқызы – кафедраның аға оқытушысы, 2002 жылдан бастап кафедрада оқытушы, аға оқытушы қызметін атқарады. Ғылыми қызығушылығы: мектеп педагогикасы, педагогика тарихы, этнопедагогика. 2002 оқу жылынан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚазҰУ-де Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасында сабақ береді. Кафедрада кәсіподақ төрайымы. Университет студенттерін тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша ғылыми жарияланымдардың авторы.



Баярыстанова Эльмира Темірханқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы. 2021 жылғы қыркүйек айынан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы. Э.Т. Баярыстанова – 1 монографияның, 1 оқулықтың, 5 оқу құралының және 25 астам ғылыми мақалалардың авторы. ҚР БҒМ Құрмет грамотасымен (2018), «Шахмардан Есенов» медалімен (2021) марапатталған.



Акрамова Әлия Смағұлқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры. Оқытушылық қызметін 2020 жылдан бастап осы кафедрада атқарып келеді. 120-дан астам ғылыми еңбектің, соның ішінде жалпы білім беретін мектепке арналған ҚР БҒМ ұсынған оқулықтар мен оқу құралдарының, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарының авторы. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары – білім беруді цифрландыру және мәдениетаралық өзара әрекеттестік мәселелері. 2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.